

**Павлодар қалалық мәслихатының 2013 жылғы 30 сәуірдегі "Павлодар қаласының аумағынан коммуналдық қалдықтарды шығару тарифтерін бекіту туралы" № 147/19 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2016 жылғы 14 шілдедегі № 58/7 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 23 тамызда № 5217 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2020 жылғы 15 маусымдағы № 494/66 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 15.06.2020 № 494/66 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1-бабының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 28 сәуірдегі "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңының 1-бабы 3-тармағы 5) тармақшасына сәйкес, Павлодар қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар қалалық мәслихатының 2013 жылғы 30 сәуірдегі "Павлодар қаласының аумағынан коммуналдық қалдықтарды шығару тарифтерін бекіту туралы" № 147/19 шешіміне (№ 3545 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде тіркелді, 2013 жылғы 7 маусымда № 20 "Шаһар" газеті және 2013 жылғы 10 маусымда № 22 "Версия" газетінде жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін:

белгіленген шешімнің тақырыбы мен шешімнің барлық мәтіні бойынша "коммуналдық" деген сөз "тұрмыстық қатты" сөздеріне ауыстырлысын;

белгіленген шешімнің преамбуласы келесі редакцияда баяндалсын: "Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1-бабының 2) тармақшасына сәйкес Павлодар қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТЕДІ:";

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*  
*Қалалық мәслихаттың хатшысы*

*С. Қалижанова*  
*З. Мұқашева*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК